



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Сауда айналымы өседі

Ауылы аралас, қойы қоралас жатқан Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы сауда қатынасы шарықтап та кеткен емес, кенжелеп те қалған жоқ. Әртүрлі кезеңдегі сан қилы оқиғаларға байланысты орта деңгейлі байланысты ұстап келеді. Соңғы жылдары екі ел басшылары өзара сауданы арттыру жайлы жиі сөз қозғай бастады. Екі ел арасындағы ендігі меже – тауар айналымын 2 млрд

екенін білесіздер. Осындай қиын кезеңде күш жұмылдыру өте маңызды. Қазақстан – Қырғыз елінің негізгі сауда және инвестиция саласындағы серіктесінің бірі. Былтыр өзара тауар айналымы 1 млрд долларға жетті. Қазақстан соңғы 15 жылда қырғыз еліне 1 млрд доллардан астам тікелей инвестиция құйды. Оның ішінде әлеуметтік маңызы зор жобалар да бар. Жалпы, экономикалық ық-



долларға жеткізу.

2022 жылы қыркүйектің басында елдер арасындағы сауда процедураларын жеңілдетуге уағдаласқан еді. Тараптар өзара тауар айналымын арттыру мақсатында Қырғызстаннан Қазақстанға ерте пісетін жемістер мен көкөністерді жеткізуге мүдделі. Finprom сарапшыларының жазуынша, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдерінің ішінде Қырғызстан Қазақстаннан жеткізілген өнеркәсіптік және тұтынушылық тауарларды тұтыну бойынша Ресейден кейінгі екінші орындағы ел саналады.

«Тек былтырдың өзінде Қырғызстан мен Қазақстан өзара тауар айналымын 1 млрд доллардан арттыра алды. Биыл Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қос тараптың сауда айналымын 2 млрд долларға жеткізуге келіскендерін жеткізді. Еуразиялық экономикалық комиссия дерегі бойынша, Қырғызстанның ЕАЭО елдерімен өзара жиынтық сауда көлемі 2021 жылы 4,9 млрд долларды құрады. Соның 1,1 млрд доллары немесе 21 пайызға жуығы Қазақстанмен сауда қатынасына тиесілі. Бұл ретте Қырғызстаннан Қазақстанға экспорт 2020 жылмен салыстырғанда 35 пайызға төмендеді, ал Қазақстаннан Қырғызстанға экспорт керісінше, 2,5 есе өсті», деп жазды Finprom.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, екі ел де өзара экономикалық байланысты нығайтуға ерекше мүдделі болып отыр.

«Бірқатар уағдаластыққа қол жеткіздік. Біз сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға баса мән бердік. Қазір әлемдегі ахуал күрделі

палдастықты одан әрі өркендетуге әлеуетіміз жетеді. Біз сауда көлемін жақын арада 2 млрд долларға жеткізуге келістік», деген еді Мемлекет басшысы биыл Астанада өткен екі ел басшыларының кездесуінде.

2021 жылы Қазақстан Қырғызстаннан 376 млн доллардың тауарын импорттап, 675 млн доллардың тауарын экспорттаған. Қырғыз елі бізге негізінен минералды өнімдер (тауар айналымының 42 пайызы), жануарлар мен өсімдіктерден алынатын өнімдер (19 пайыз), химия өнімдері (8 пайыз) және металл тасымалдайды. Сарапшылардың айтуынша, Қазақстаннан Қырғызстанға жөнелтілетін өнімдер әлдеқайда әртарапталдырылған және оның құрамы тамақтану (жалпы айналымның 28 пайызы), мұнай мен газ (20 пайыз), машина (18 пайыз), химия өнімдері (15 пайыз) және металлдан (8 пайыз) тұрады.

Еуразиялық экономикалық комиссия мәліметі бойынша, 2021 жылы экспортта 668 тауарлық позиция тіркелген. Соның ішінде ең көп экспортталғаны – жалпы құны 43 млн доллар болатын шлак пен күл. Өнеркәсіпте шлак пен күл бетонның кейбір түрлерін өндіру үшін қолданылады. Сондай-ақ одан металл қоспалары алынады. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығында күлдің тыңайтқыш ретінде де пайдаланылатынын айта кеткен жөн. Экспорттағы екінші және үшінші орындар – байланыс құралдары (40 млн доллар) мен темекі өнімдеріне (38 млн доллар) тиесілі болып шықты.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәнимен шағын құрамда келіссөз жүргізді, деп хабарлайды EgeMen.kz Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Әмірі Тәммим бен Хамад Әл Тәниге шақыруын қабыл алып, Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгені үшін алғыс айтты.

«Жоғары мәртебелі шейх Тәммим мырза, өзіңізбен Қазақстанда кездесіп отырғаныма өте қуаныштымын. Менің шақыруымды қабыл алып, мемлекеттік сапармен Қазақстанға келгеніңіз үшін шын жүректен ризашылығымды білдіргім келеді. Біз бүгін екіжақты қарым-



## Мемлекет басшысы Қатар Әмірімен келіссөз жүргізді



қатынастың ең маңызды мәселелері бойынша тиісті уағдаластықтарға қол жеткіземіз. Біз үшін Қатар Мемлекеті – Таяу Шығыстағы ең маңызды серіктес. Сондықтан қарым-қатынасымызды одан әрі дамыту үшін бар күш-жігерімізді саламыз», деді Мемлекет басшысы.

Қатар Әмірі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанға шақырғаны үшін алғыс айтып, қонақжай-

лық көрсеткені үшін ризашылығын білдірді.

«Жоғары мәртебелі Президент мырза, еліңізге мемлекеттік сапармен шақырғаныңыз үшін алғыс айтамын. Екі ел арасында жақсы қарым-қатынас орнаған. Кейінгі жылдары әртүрлі саладағы байланыстарымыз қарқынды дамып келеді. Бүгінгі мемлекеттік сапар аясында маусым айында Дохада өткен экономикалық форум кезіндегі бірқатар

уағдаластықтарды бүгін талқылаймыз. Бұл келісімдердің мақсаты – бірнеше салада ынтымақтастықты дамыту. Бүгін біз кеңейтілген құрамда министрлердің қатысуымен осы мәселелерді жан-жақты қарастырамыз. Сондай-ақ ертең өтетін Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес саммитінің сәтті өтуіне тілектестік білдіремін», деді Қатар Әмірі.

## Қазақстандық майнерлер 1,4 млрд теңге салық төледі

Қаржы вице-министрі Ержан Бижанов Мәжілісте цифрлық майнингтен мемлекет бюджетіне қанша қаражат түскенін айтып берді, деп хабарлайды EgeMen.kz

Ержан Бижанов майнерлер үшін екі салық енгізілгенін еске салды.

«Қосылған құн салығы



бойынша біз белгілі бір төлемдерді аламыз. Айта кетсек, биыл екі салық енгізілді, соның ішінде цифрлық майнинг төлемі де бар. Қазіргі уақытта оны 100-ге жуық адам төлейді. Алты ай ішінде мемлекет бюджетіне 1,4 млрд теңге түсті. Бүгінгі таңда жалпы сома жарты жылда 8 млрд теңгеге жетті», деді ол.



## 2022 жылғы 20 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өтеді

Қазақстан Республикасы Президентігіне  
кандидатты қолдап қол жинау

Президенттікке кандидатты қолдау үшін:

Сайлаушылардың кандидатты қолдауы олардың қол жинауы арқылы расталады.

Президенттікке кандидатты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының кем дегенде үштен екісінің атынан теңдей өкілдік ететін сайлаушылардың жалпы санының кем дегенде бір проценті қолдауы тиіс.

Қол жинауды сенім білдірілген өкілдер ұйымдастырады және қол қою парақтарымен ресімдейді.

Кандидаттың талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін Орталық сайлау комиссиясы екі күннен кешіктірмей қол қою парағының үлгісін бекітеді.

Әрбір қол қою парағының рет нөмірі болуы тиіс. Сондай-ақ параққа кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты мен оған сенім білдірген адамының қолы, қол жинаушының тегі, аты, әкесінің аты, қол жинаған елді мекеннің атауы және қол қойған адамдар туралы мәліметтер енгізілуі тиіс.

Қол жинаушы адам жұмыс барысында кандидаттың сенім білдірген адамының тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін көрсетуге тиіс.

Толтырылған қол қою парақтары аумақтық сайлау комиссияларына тапсырылады.

Аумақтық сайлау комиссиясы қойылған қолдардың растығын 5 күн ішінде анықтайды, тиісті хаттаманы ресімдейді және оны Орталық сайлау комиссиясына жолдайды.

Қойылған қолдардың дұрыстығын тексеру Президенттікке кандидатқа қажетті нақты қойылған қолдар саны анықталғанға дейін жүргізіледі.

## Жүз жаңа есім иелері марапатталды

Қазанның 1 Халықаралық Қарттар күні екені және осыған орай аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында «Атадан Өсиет- Ұрпаққа Қасиет» атты мерекелік шарасы өткені жайында газетіміздің өткен сандарының бірінде жазған едім. Не керек, сол мерекелік шара, сол «Атадан Өсиет- Ұрпаққа Қасиет» тақырыбымен бұл жолы жуырда ғана ашылып, ел



игілігіне берілген Созақ аудандық «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығында жалғасын тапты. Бұрындары бір күндік шарамен ғана шектелетін қарттар мерекесі биыл бірнеше күнге созылды және әлденеше іс- шаралардан тұрды.

Әрине, әдеттегі «халқымызды тойдан айырмасын» деген дархан пейілімізбен: «Қарттармызды да тойдан айырмасын» дейміз. Өйткені, ол кісілер тойдың қандайына да лайық! Ә, айтқандай, бұл мерекелік шаралар жай шара боп қалған жоқ, керісінше, алғыс хаттар мен марапаттар жауған мереке болды. Тек, бұл жолғы марапаттар жауыны жаңадан ашылған ел аузында «Тең қоғам» аталып кеткен су жаңа гимн ретінде және бұл жолы аудандық аналар кеңесінің төрайымы Қайыржанова Мәруаш апайымыздың ұйымдастыруымен өтті. Бұл мерекелік шараға да аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы арнайы келіп қатысты, құттықтау сөз сөйлеп, жоғарыда айтқанымыздай жуырда ғана облысымыз бойынша басылып шыққан «Жүз жаңа есім» кітабына есімі енген бірқатар азамат- азаматшаларды «100 жаңа есім» төсбелгісімен марапаттап, кітапты табыс етті. Ерен еңбектің еленгені деген осы, төсбелгіге ие болып, оны қарттар күніне орай, аудан әкімінің қолынан алған арда ағаларымыз бен аяулы аналарымыз және әпкелеріміздің қуанышында шек болмады. Бұл әрине, сырт көзге кәдімгідей ұрып тұрды, байқамау мүмкін емес еді. Бұдан бөлек, «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының директоры Оспанов Марат Әбілхайырұлына кезекті құттықтау сөз беріліп, бейнетінің зейнетін көріп отырған зейнеткерлерімізді мерекелерімен құттықтап, ауданымыздағы бір қатар әжелерін Республикалық «Ел құрметі» қоғамдық қорының Алғыс хаты мен «Ұлағатты әже» медалімен марапаттады.

Ауданның құрметті азаматы, медицина саласында қажырлы еңбек еткен зейнеткер қарт Бүркіт Арынбеков жылы лебізі мен алғысын арнап, «Қандауыр» атты кітабынан үзінді оқып берді.

Мерекелік шарада «Сырлы Созақ» ардагерлер хор ұжымының орындауындағы жергілікті сазгерлердің әндері орындалды.

Хор мүшелері Сәдуақасов Қошқарбай, Баймұратова Раушан, Мұхамедәлі Иманбеков өз өнерлерімен көпшіліктің қошеметіне бөленді. Іс-шара соңында естелік фотоға түсіп, ардагерлерге құрмет көрсеткендері үшін ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді. Ә, айтқандай, осыдан сәл алдын ғана аудандық Ардагерлер ұйымының төрағасы, ауданымыздың құрметті азаматы Еспенбетов Қабылбек ағамыз облыс әкімінің қолынан «Ел ағасы» төсбелгісін алған болатын. Міне, осы ретте барша облыстық және аудандық деңгейдегі марапат иелерін ерен еңбектерінің еленуімен және Қазанның 1 күнгі меншікті мерекелерімен қайта құттықтаймыз! Қзақ қазынасына теңеген қарттарымыз аман болсын! Әрдайым, еткен ерен еңбектерінің жемісін жеп, жасаған бейнеттерінің зейнетін көруге жазсын!

Данияр БЕК.

## Оқу-әдістемелік жиын өткізілді

Сейсенбі күні аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде облыстық сайлау комиссиясы бекіткен кураторлардың қатысуымен Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері мен учаскелік сайлау комиссиясының төрағалары, хатшыларымен оқу-әдістемелік жиын өткізілді.

Оқу-әдістемелік көмек жиынына Түркістан облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төраға орынбасары Әлішев Әмірдин Мұхиденұлы, аудан

БАҚ өкілдері қатысты.

Жиынды Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әбубәкір Сахиұлы жүргізіп отырды.

Түркістан облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төраға орынбасары Әлішев Әмірдин Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу кезінде сайлау комиссияларының жұмысының құқықтық үрдісі мен ұйымдастыру жұмыстары жайында баяндап берді. Учаскелік сайлау комиссиясы-



әкімінің аппарат басшысы Бакиров Аудуахат Абдисаматұлы, Түркістан облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Оразымбетов Данияр Шекербекұлы, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төраға орынбасары Асқаров Мыңжасар, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әбубәкір Сахиұлы және учаскелік сайлау комиссиясының төрағалары мен хатшылары, сондай-ақ аудандық партия филиалдары жетекшілері,

ның мүшелеріне әдістемелік көмек туралы Оразымбетов Данияр әңгімеледі.

Көмек жиынына қатысушылар баяндамашыларға сұрақтар қойып, тұжымды жауаптар алды.

Жиынды аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Ә.Сахиұлы қорытып, оқу-әдістемелік көмек бергені үшін келген азаматтарға алғыс айтты.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.



## Созақ ауданы тұрғындарының назарына!

2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында дауыс беруге арналған өзінің сайлау учаскесі туралы қажетті ақпарат алу үшін Telegram мессенджерінде арнайы бот іске қосылды ([https://t.me/tur\\_saylaw\\_bot](https://t.me/tur_saylaw_bot)) және Түркістан облысы әкімдігінің ресми сайтында жарияланды (<https://tur.saylaw.kz>).

Осы құралдардың көмегімен Сіз 2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлау күні дауыс беретін сайлау учаскесі туралы толық ақпарат (нөмірі, мекен жайы, байланыстары) ала аласыз.

Қосымша сұрақтар болған жағдайда 109 Call-орталығына хабарласуға болады. 109 Call-орталығы 24/7 режимінде жұмыс істейді.



## Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 125 жыл

Біз білім алып жатқан Абылайхан атындағы шет тілдері университетінің журналистика факультетінде ұлы жазушының шығармаларын ұдайы насихаттап, студенттер мен жас ұстаздардан құралған үйірме тұрақты жұмыс жасап келеді. Онда Мұхтар атамның туып өскен кезеңінен бастап барлық шығармашылық әл-қуаты мен суреткерлік шеберліктері бізге шеберлік сабағы ретінде дәрістермен толықтырылып отырады. Біз тың ақпараттар мен ғылыми



лердің назарынан ештеңе қалып қалып, оны бейғам қалдыратын қалтарыс, дерек болмауы табиғи құбылыс. Сондықтан зерттеушілердің негізгі міндеті әдеби шығарманың өмірбаяндық негізін іздеу емес десек те, қаламгердің ғұмырнамалық фактілерімен неғұрлым кеңірек таныс болуы оның шығармашылығының тарихы мен дәуірі, жалпы поэтикасы туралы толық мәліметті меңгеруіне мүмкіндік береді. Қарапайым оқырманның да,

## Рухани өсуіміздің нәрі мен тамыры

негіздемелер алуға тырысамыз. Өйткені журналист болу үшін жан-жақты білім мен толассыз ақпараттарды халыққа өз тілінде жеткізуге осы ұлы жазушының ерен еңбектері құнды дүние болып табылғандай. М.Әуезов XX ғасырдағы қазақтың философиялық, қоғамдық, әлеуметтік-психологиялық және адамгершілік коллизиясын өзінің шығармаларында негізге ала отырып, оның рухани өсуіне керемет әсер етті. Оның бай рухани мұрасы өз заманындағы ойшылдар мен идеологтардың, қоғам мен қалам қайраткерлердің санасына философиялық тереңдігімен, эстетикалық көпқырлылығымен, психологиялық қайшылықтарымен қозғау салып, өмірлік ақиқаттарға өзгерістер енгізді. М.Әуезов шығармашылығының әр заман талабына сай интерпретациялануы—біздің жас ұрпағымызға ұғынықты болуы мен дүниетанымды кеңейтудегі философиялық құнарын жоғалтпаудың жолы. Жалпы, жазушы өмірбаяны мен шығармашылығының әдебиет тарихындағы, ұлттық құндылықтағы маңызын зерттеу үшін арнайы 3 мәселені анықтауымыз керек: Жазушының жеке өмірбаяны, оның шығармашылыққа деген қарым-қатынасы, сол кезеңдегі көңіл-күйі. Жазушының әлеуметтік өмірбаяны; Шығармашылық өмірбаяны, оның әдеби өміріне қатысты дүниелер. Бұл мәселелердің әрқайсысы ерекше қарастырылуды қажет етеді. Жазушының жеке өмірбаяны, оның толғаныстары әлбетте әртүрлі деңгейде өз творчествосына әсері болады. Қоғамдағы әрбір өзгеріс, оның адам өмірі мен санасына әсері, сол дәуірдің рухани қозғаушысы болған шығармашылық тұлғалардың ұлтжандылық қасиеттері мен азаматтық ар-ұятына, халық алдындағы жауапкершілік пен перзенттік парыздарының өлшемдеріне өзіндік қолтаңбасын қалдырары хақ. Өзінің жеке өмірлерінен ұлт мүддесін жоғары қоятын шығармашылық тұлғалардың әрбір шығармасы сезімдер күнделігі секілді. Санадағы өзгерістер суреткердің ішкі сүзгісінен өтіп, сапалық еңде, яғни көркем шығарма болып өмірге келері хақ. Шынында да өмірдегі шындық ірілі-ұсағына дейін көркем шығармада суреттік, идеялық ой түрткі болып өнерге ұласып жатпай ма? Өмірбаяндық әсер мен өмірлік материал негізінде көркемдік құндылыққа ие болған әрбір әдеби образ өмірлік модельге ие. Әр образ жазушының өмірдегі кездесуі мен толғаныстарының жемісі. Бұлардың бәрі автордың өз дәуіріндегі қоғамдық өмірді қандай жолмен бақылап, қалай бағалап отырғанын көрсетеді. Сондықтан әр ұлттың ар-ұяты болып саналатын әрі өз кезеңінің перзенті болған үлкен парасат иелері, қоғамдық ойдың қозғаушылары-қаламгер-

зерттеушінің де қызығушылығын тудыратын шығарма материалы, ондағы образдардың прототиптері, олардың дүниетанымдары, өмірге көзқарастары, өмірлік ұстанымдары мен жеке адами қасиеттері секілді толып жатқан құпия мәселелер шынында да көңіл аударарлық. Ол үшін біз жазушының әлеуметтік өмірбаянын, яғни өмір сүрген дәуірін, өскен, қалыптасқан ортасын білуіміз керек. Өйткені, шығармашылық тұлға—ол, ең біріншіден, ой адамы, ол идеолог, қоғамға қозғалыс беруші, адамзат санасына өзгеріс енгізуші, оны өсіруші, рухани сілкініс тудырушы. М.Әуезов те өз заманының заңғар кемеңгері, рухани көсемі болған тұлға. Абайдың шығармалары мен өмірін зерттеуде барлық өзге шығармаларынан көбірек ізденгендігін жасырмайды. М.Әлімбаевпен болған бір сұхбатында: «..Романды жазғанда әдебиет тарихын зерттеуші ретінде ғылыми ұғым тілімен, ал жазушы ретінде роман, бейне тілінде жазуым керек еді. Бұл екі тілдің екеуі қабыса келе, бір мақсатты көздеген еді. Ол—Абайды, Абайдың дәуірін толық көрсету болатын. Абай—бүгінгі күннің үлкен көмекшісі, өйткені ол бізге өз дәуірін сынап, ашып көрсетіп берді»,—деп шығармашылық өмірбаянынан сыр шерткен жазушы осы шығарманың жазылу тәжірибесімен де ой бөліседі: «..Бірінші кітаптан екіншісі тез жазылды. Оған көмекші болған—ақын Абайдың өз еңбектері. Бірінші кітап Абайдың адам ретінде өсуін көрсетсе, екінші кітап оның ақын ретінде қалыптасуын суреттейді». Кешегі көшпелі феодализмнің қалдықтарын, өз елі ішіндегі ескі патриархалдық көріністерді, кеңес үкіметімен ілесе келген небір сорақы нәубеттерді, қанды қырғындар мен бүкіл ұлтты жойып жібере жаздаған зор алапат-аштықты, қазақтың оқыған зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратып, жазықсыз жазалауды саналы түрде жүргізген қасіреттердің тірі куәсі болған оның қолына қалам алмауға тіпті қақы да жоқ еді. «Адамды жазушылыққа бақытсыз балалық шағы әкеледі»,—деген батыстық зерттеушілердің сөзіне сенсек, бала Мұхтардың бастан кешкен қиыншылықтары мен көкейіне сақтаған өмір суреттері суреткерлікке алып келгені кәміл. Сол себепті де қатарластарымызға, ертең білім жолын тандап отырған, ниетті іні-сіңлілерімізге Мұхтар әлемімен жақын таныса беріңіздер деген ізгі кеңесімді айтқым келеді. Қай сапарда, қай бағытта болмасын сенің алдыңнан Абай мен Мұхтар шығатынын ұмытпағайсыздар.

**Бинурай САХИТЖАНОВА,**  
**Абылайхан атындағы элем**  
**тілдері университетінің 2 курс**  
**студенті.**

## Шу аймағы думанды шараға ұласты

Аудан орталығынан шалғайда орналасқан Шу ауылының 60 жылдық мерейтойы игі істермен өрнектелді. Шу ауылының орталық алаңында Екінші дүниежүзілік соғысына қатысушы ардагерлер және батыр аналардың есімі жа-

Бегімбет Байғараев, Түркістан облысының бас имамы Еркебұлан Қарақұлов та ауыл тұрғындарына деген ыстық ықыласын білдірді. Ауылдың дамуына еңбек сіңірген ардагерлер мен азаматтарға аудан әкімдігі мен аудандық мәсли-



зылған құрмет тақтайшасының лентасы қиылды. Мерейтойға арнайы қатысқан аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков, ауыл тұрғындары мен қонақтарын құттықтады.

— Қойнауы қазынаға толы, тарихы терең киелі Созақ ауданының іргелі ауылдарының бірі — Шу ауыл округі. Өзіндік қалыптасқан тарихы бар Шу ауылы биыл 60 жылдық мерейтойын атап өтуде. Бүгінде еліміздің дамуына еңбек сіңіріп жүрген ғалымдар — Түктібай Тасмағанбетов, Сәуле Мұсаева қазақ ән өнерінің жұлдыздары — Сәкен Майғазиев пен Кенжебек Жәнәбіловты дүниеге әкелген құтты мекен. Берекесі мен бірлігі жарасқан ауыл тәуелсіздік жылдары да дамып, көптеген әлеуметтік нысандар салынды. Жаңа мектеп, балабақша, мешіт пен жолдар төселіп, көше жарықтандырылды. Міне, мұның бәрі егемендік алғалы халық игілігіне берілген дүниелер. Ауылды бойлай өтетін Шу өзенін жергілікті халық тиімді пайдаланып отыр. Өзен бойынан қыстық мал азығын жинап, жазда өріс қылып, ата-бабадан қалған мал шаруашылығын дамытып келеді. Алдағы уақытта да Шудың текті жұрты ауданның дамуына үлкен үлес қоса береді, — деді аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков.

Аудандық мәслихат хатшысы

хаттың алғыс хаты табыс етілді. Шу ауылының тумасы меценат Әлжанов Ерғали Төлегенұлына ауылдастары ардақтап ат мінгізді.

Мерейтойға келген қонақтар күрделі жөндеуден өтіп, қайта пайдалануға берілген «Борсабай» мешітінде жұма намазын оқыды.

Салтанатты шарада спорттық бәсекелер өтті. Қазақ күресінен тараздық Мергенбай Бақберген «түйе балуан» атанып, жүлдеге тігілген өгізді алды. Екінші орынды Созақ ауданының балуаны Досыбаев Дәулет иеленіп, қошқар қанжығаға байлады. Гір тасын көтеруден Қобыланды Орынбасар бас жүлдені иеленді. Қошқар көтеруден арыстық Азамат Мақұлбеков бас жүлдені алды. Сондай-ақ бәйге, көкпар бәсекесі де өтіп, ұлттық спорт ұлықталды. Жарыс жеңімпаздары мен жүлделі орын иелері қомақты сыйлықтармен марапатталды.

Шудағы думан қазақ эстрада жұлдыздары қатысқан концерттік бағдарламаға ұласты. Туған ауылына әннен тарту жасаған Сәкен Майғазиев пен Кенжебек Жәнәбілов, Жұбанаш Жексенұлы сонымен қатар, Заттыбек Кепбосынұлы, Марат Имашев, Наркенже Серікбаева, Ернар Айдар, «Диета KZ» тобы және өзге де әншілер мереке көркін кіргізді.

## Ауданда сенбілік өтті



Өткен сенбі күні «Табиғатта қоқысқа жол жоқ» акциясы аясында аудандық сенбілік өтті. Сенбілікке аудан әкімдігіне қарасты, бөлім, мекеме қызметкерлері, мен белсенді ауыл тұрғындары, ерікті жастар да атсалысты.

Тазалық акциясы аясында көшелер мен мекемелер ауласының айналасы қоқыстан тазартылып, қажетсіз қалдықтар шығарылды. Сондай-ақ әр бөлімге қарасты секторларда тазалық, абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Тал кө-

шеттерінің түбі тазартылып, тұрмыстық қалдықтар жиналды.

Сенбілікке 1745 адам, 16 арнайы техника тартылып, тазалық жұмыстары барысында көше бойлары, аяқ жолдар ретке келтірілді. Саябақтар 11 га, 0,9 га скверлер, үй іргелік аулаларында 1740 ш.м жинастырылды. Өзен, арықтардың маңы тазаланып, сенбілік барысында жиналған қоқыс полигонға шығарылды.

**Мақсат ҚАРФАБАЙ.**



# ҰЛТТЫҚ РУХЫ БИІК, ЖҰЛДЫЗЫ ЖАНҒАН Жартытөбеге-60 жыл, Аққолтыққа-70 жыл

«Хан жайлаған Қаратау, би жайлаған Алатау» деп бекер айтпаған. Қария таудың қос қанаты тұнған тарих. Түстік батысында Түркі жәртының рухани тірегі Түркістан Қазақ Ордасына көп жыл астана болған. Ал теріскейіндегі көне Созақ шахарына Қазақ хандарының табаны тимегені кемде кем шығар. Тау алқабы, шуақ жалап, өпкен жел, Қоныс тепкен бал бұлақты бөктергі ел, Көне Созақ-шежірелі қат мекен. Бамамыздың түйесі көп шөккен жер-деп бекер айтылмаса керек. Қазыналы қарт Қаратаудың Теріскей бетінде орналасқан Созақ ауданы сонау VI ғасырдан бастау алған шежіре дастан. Көнекөз қарттардың айтуынша Созақ елінің осы күнгі ұрпақтары ақтабан шұбырындыдан кейін келіп орналасқан дейді.

Созақ елі негізінен қазан төңкерісіне дейін алты болысқа бөлінген: Қаратау болысы, Сарыөзек болысы, Көкшеқұм болысы, Үлкен шу болысы, Құршу болысы, Созақ болысы. Бұл болыстар Түркістан уезіне қараған.

Теріскей еліне жататын Шалдар, Ту-танбалылар, Сіргелілер, Жылыбұлақ, Бабата болыстарына енген. Олар Шымкент уезіне қараған.

Қазан төңкерісінен кейін әкімшілік басқару ісі өзгеріп, бұрынғы уездер таратылып, оның орнына аудандар құрылды. Созақ елі 1928 жылдың күз айында өз алдына аудан болып 46 колхозды құраған. 1940 жылы колхоз басшылары мен ауылдық Советтің төрағаларының көпшілігі әйелдер болған. Аудандық партия комитетінің хатшысы Темірәлиев Жақсылық, аудандық атқару комитетінің төрағасы Шайманова Маржанкүл болған. Өмірбеков Есіркеп ағамыздың естелігінде соғыс жылдарында ер азаматтардың орнын әйел жандардың басқаны, олардың жанқиярлық еңбегі жайлы қыла қалам туындысымен көтере білген де осы кісі болатын.

Енді біз өзімізге тарихы анық бүгінгі Жартытөбе ауылы туралы сөз қозғасақ:

Соғыстан кейінгі жылдары, сегізінші ауыл болып аталатын 1 май оның қарауына «Үштөбе», «Бірінші май», «Жаңатілек», «Шоқан» деген төрт колхоз болған. «Шоқан» колхозының аты кейін «Жаңатілек» колхозы болып өзгерген. Осы жылдың сентябрь айында 4 ауылдың қарауындағы Сталин атындағы колхоз 8 ауылдың қарауына өтіп Жартытөбе өзенінің бойына қоныстанады.

Халықтың тұрмыс-тіршілігі өте қиын кезең болатын. Кетпенге сүйеніп тұрып үзіліп кеткендерде болған. Халық құмнан жаужұмыр, қозыбасты үгітіп қылтанағын алып, оны диірменге тартып ас қылған. Асыра сілтеушілер таяғы әбден әлсіретіп тастаған колхоздың шаруасын көтеру оңай емес еді.

«Қарғаның қуанышынан қыранның қайғысы артық» демекші, ақылды адам қуанышқа тасымайды, қайғы келде жасымайды емеспе, ел болып ауырлықты көтере жүріп ол қиыншылықтан да өтті.

1952 жылы төрт колхоз біріккенге дейін «Сталин» колхозының төрағасы Салқауов Темірәлі, «Жаңатілек» колхозының төрағасы Жаңкеев Аштархан, 1-Май колхозының төрағасы Оқшиев Шайық, «Үштөбе» колхозының төрағасы Мықтыбаев Жұмабек болған. Бұл кезде «Бабата» колхозы «Күмкентке» қарайтын. Колхоз төрағасы Сопбек қария болатын. 1952 жылы сегізінші ауылға қарасты төрт колхоз біріктіріліп, орталығын Аққолтық деп атады. Алғашқы колхоз төрағасы болып Рақышов Асқар сайланды. Ал



1953 жылы төрағалық курсты бітіріп келген Есенсариев Ысқақты аудандық партия комитетінің хатшысы Қоспанбетов алып келіп колхозшылардың жалпы жиналысына салып бірауыздан сайланды.

1957 жылы СССР Министрлер Советінің қаулысымен ауданда бұрынғы колхоздар 10 совхозға біріктірілді. 1962 жылы Сталин колхозы болып аталып келген осы төрт колхоздың негізінде Жарты төбе совхозы болып құрылды. Бұған Бабата Жылыбұлақ колхозынан бөлініп келіп қосылды. Алғашқы директоры Малдыбеков Спәбек болды.

Ауданнан 9 Социалистік Еңбек Ері шықса, соның бірі жартытөбелік Арқабаев Қодас Социалистік Еңбек Ері атанды. 20-ға тарта түрлі салада Созақ елінің атақ-даңқын аспандатқан қыз-келіншектер кешегі КССР-ның даңқты ордендерінің иегерлері атанды. Соның ішінде Ленин орденінің иегерлері Арқабаев Құрбан, Үркінбаев Жаңбырбай, Тоқбергенов Төлепберген, Майусов Әбілжан болса, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегерлері Төлебаева Бибі, Нұрділдаев Өксікбай, Оразбаев Жұмаділда, Боранбаев Болат, Шүленбаева Раушан, Найманбаев Тұрсынбайлар болатын, ал Есбаева Бибісара аудандағы білім саласының мақтанышына айналып, «Қызыл жұлдыз» және «Октябрь революциясы» ордендерімен марапатталған. Құрмет белгісі Орденін Ахметов Сәруар алса, Құрмет Орденін Мұсабеков Сағынтай алғанын білеміз. СССР Жоғарғы Советінің депутаты Төлебаева Бибі болса, мал шаруашылығын өркендету мен оны аман сақтауда жоғары жетістіктерге жеткені үшін Қодасов Жанабек Қазақ ССР-і Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды.

Жартытөбе ауылынан бұдан да басқа түрлі салаларда еңбек етіп, ел мақтанышына айналған, әртүрлі құрметке ие болған, отандық медальдармен марапатталған, майталман азаматтар көптеп саналады.

Олардың барлығын тізіп айтар болсақ, ауылымыздың үштен бірінің аты жөнін айтуға тура келеді.

Жарты төбе совхозы құрылғалы бері кімдер басшылық қызметті болды дегенге келер болсақ. Сөзіміздің басында айтқандай, алғашқы директор Малдыбеков Спәбек Жартытөбе совхозының орталығын екі елді мекеніне бірдей жақын қарым-қатынасы да ыңғайлы, жері жазық, суы жақын деп бүгінгі орталықты тандап орналастырды. Өзен бойына жақын жерге орналастырайық деген түрлі пікірлерде болды. Жалпы қорытындысында бүгінгі орталыққа келісті. Совхоз болады дегенге үрке қараған халықта болды, несін айтасыз барлық дүние мүлкің ортақ болады сенікі менікі деген болмайды екен деген қауесет сөздер өріп барып басылды.

Совхозды аяғынан тұрғызу үшін, халық болып түні күні еңбек ету ісі қолға алынды.

Совхоз басшысының білікті тәжірибелі, ұйымдастыру қабілетінің жоғары болуының арқасында мал басын өсіру мен егіс шаруашылығын өркендету білді. Ауданда барлық көрсеткіштер бойынша алдыңғы қатарға шығып, халықтың жағдайы біршама жақсартылды. Аз уақыттың ішінде совхоз орталығын көрікті ауылға айналдырды десек болар. Оны сіздер көріп жүрген орталыққа кіре берістегі жолдың екі жағына егілген саялы ағаштар мен орталықтағы саябақты айтсақ та болады. Еңбек адамына деген құрметі ерекше еді. Алғашқы еңбек ері атағын алған Арқабаев Қодаста осы кезеңде болатын. Совхоз басшысы басқа ауданға көтеріліп кеткеннен кейін совхоз директоры болып, Мырзахметов Исабек, одан кейін Исаев Өміртай, Жүсіпов Әбіл, Мұсабеков Сағынтай одан кейін Еспенбетов Қабыл болып 1995 жылы жеке кооперативке бөлініп, төрт ұжымшарға айналды. Ұжымшарлардың төрағалары болып, Жартытөбе ұжымшарына Пірманов Мейрамбек одан Мұсабеков Сағынтай алды, «Бабата» ұжымшарына Еспенбетов Қабыл, «Береке» ұжымшарына Әубәкір Сахиұлы, «Жаңатілек» ұжымшарына Садуақасов Бекен болған еді. Ал осы жылдары совхоз партия ұйымының секретарлары Мұсабеков Аманбек, Исаев Өміртай, Сахиұлы Әубәкірлер болса, ауылдық советтің төрағалары болып Есжанов Баймұса, Байділдаев Сағынтай, Төлебаева Бибі, Әлтеков Сержандар қызмет етті. Қарапайым еңбектен ауылдық советтің тұрайым қызметін атқарған Бибі Төлебаеваның еңбегін ерекше айтуға болады. Егемендікті алып еліміз нарықтық жүйеге өткеннен кейін, бұрынғы партиялық басқару жүйесі өзгеріп, оның орнына әкімшілік басқару жүйесі енгізілді. Алғашқы ауыл әкімі болып Әлтеков Сержан тағайындалып, зейнеткерлікке шыққанға дейін осы қызметті абыроймен атқарғанын ел біледі. Бұдан кейін әкім болғандарды атасам Асылбеков Әнуар, Әбдрашев Садық, Жұмаділов Бақыт, Әділбеков Бақытжан, бүгінде Есенқабыл Болат мырза қызмет атқарады. Мен бұл азаматтардың еңбек жолдарына жеке-жеке тоқталғым жоқ, өйткені олардың еңбектері бүгінгі халықтың көз алдында.

Созақ өңіріне қарасты Жартытөбе ауылынан әдебиет, ғылымтанушылар мен өнер саласында белгілі тұлғалар шыққан. Биыл Құлыншақ Кемелұлына 182 жыл толып отыр. Қазақ әдебиетіне өткен ғасырдың 50-60 жылдары әдебиет әлеміне бір топ шоғыр таланттар мен бірге Сәуірбек Бақбергеновте келген еді. Оның алғашқы тырнақалды туындысы Кеңес Одағының батыры ұшқыш Талғат Бигелдинов

туралы жазған повесті қазақ көркем әдебиетіне ерекше әсер әкелген болатын. Сәукеннің қаламынан «Өрімші» және «Адам және көлеңке» атты повесть, басқада романдары өмірге келгенін білеміз. Бұл сөз өнерінің қақпасын ұлы батырдың ерлігімен ашқан алғашқы жауынгер халық жазушысы еді. Бұл кісінің қаламынан 20-дан астам роман мен повестер жарық көрген. Ал Тәкен Әлімқұлов қазақ әдебиетінің классигі, қазақ прозасын биік деңгейге көтерген қаламгер, сыншы, суреткер, біртуар талант иесі, әрі ақын. Асқаров Мыңжасар-ақын, тарихшы, Едіге танушы. Дінтайұлы Тұмартай-ақын. Маханбет Жамеков-жазушы. Биыл Тәкен Әлімқұлов пен Сәуірбек Бақбергеновтің 104 жылдығы. Найманбаев Аманжол-Сәулет өнерінің қас шебері дизайнер осы саланың профессоры, Мыңбаев Оспан медицина ғылымының докторы, профессор академик, Абдрайым Ералы-техника ғылымының докторы, Есенбеков Лаззат-биология ғылымының кандидаты, Шошынбетов Жабал-Филология ғылымының кандидаты, Есенсариев Ырысбай-техника ғылымының кандидаты, Бигондиев Бекнияз-экономика ғылымының кандидаты, Есенсариев Ғалым-ҚР еңбегі сіңірген мәдениет қайраткері.

Білікті ұстаз Бейсекұлов Әзім-Еңбектегі ерлігі үшін медальдың иегері. Ұзақ жылдар еңбек етіп, ұрпаққа білім беруде еселі үлес қосқан білім саласында басшылық жасаған Әбжалалов Қалдан, Шерниязов Копей, Әубәкіров Қаппар, Тұрымбеков Карл, Ялиев Жылқайдар, Ерманов Болысбек, Сыздықов Қаратай, Сырайлов Оңғар, Абдиев Дінтай, Қарібаев Азат, Өзгелдиев Әлі, Сопбеков Ахметбек (Ақаш), ағайлар мен Есбаева Бибісара, Баядилова Алтынкүл, Абдуллаева Ермек, Шүленбаева Раушан апаайларды атап айтқанымыз жөн. Сондай-ақ, Жартытөбе ауыл округіне қарасты Таскөмірсай елді мекені кезінде бір совхоздың жұмысын атқарғанын білесіздер. Сонда еңбек өткен басқа ұлттың өкілі Лабазанов Мағамет, мал бордақылау пунктінің директоры болған Ерімбетов Жұмаділдың еңбектерін ерекше атап айтуға тұрарлық. Қорыта айтқанда жұлдызы жарқыраған Жартытөбе ауыл округіне қарасты Аққолтықтың-70 жылдығын атап өтуде менің ұстанымым кір шалған таза дүниенің жаршысы болып қалу, мүмкін ауыл азаматтарының осынау бастамасына ерекше көңіл бөлген аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлына алғысымызды білдіргіміз келеді. Сондай-ақ, осы жұмысқа демеушілік жасаған барша ағайындарға, басы-қасында жүрген азаматтарға мыңда бір алғыс айтқанымыз жөн болар.

**Мыңжасар АСҚАРУЛЫ,**  
**Қазақстан Республикасының**  
**мәдениет қайраткері.**



# Ана-әлемнің тірегі

Ана-отбасы ұғымында балалы әйел, туған шеше; туыстық байланыста әже, апа, қарындас, жеңге, балдыз, құдағи, құдаша т.б. Ана бейнесі ежелден жыр, аңыз желісі болып келе жатыр. Хауа Ана есімі қасиетті кітаптарға түскен. Хәууа көне еврей және араб тілдерінде “өмір бастауы”, “анам” парсыша (кітаби) адамдар, адамзат, қарапайым жандар деген ұғымды білдіреді. Ананың көшпелілер қоғамында алатын орнын, бітім-болмысын жан-жақты ашып көрсететін мұрағаттарды қадым заман дардан көптеп табуға болады. Зерттеушілер Қазақстан жеріндегі археологиялық қазбалардан табылған заттарға, кісіні жерлеу ерекшеліктеріне сүйеніп, ежелгі дәуір адамдарының ұғым-нанымында ру басшысы және ошақ иесі ретінде Анаға табынғандығын жазады. Бұған Қазақ даласынан табылған сүйектен ойып, тастан қашап жасалған әйел мүсіндері куә. Қазақстанның солтүстік-батысындағы байтақ даланы, Оралдың оңтүстігін мекендеген сарматтарды (б.з.б. VII—VI ғ.ғ.) Әйел-Аналардың басқарғандығы жөнінде деректер бар. Қазақ қоғамындағы ел аналары мен әйелдердің жайы осы өңірде болған саяхатшылардың да қаламдарына іліккен. Мыс, Дешті-Қыпшақ даласында болған Ибн-Баттута, Марко Поло т.б. әйелдердің жергілікті тұрғындар тарапынан қатты құрметтелетінін таңдана жазған. Ерлер билігі үстемдік еткен дәуірде де қазақ қоғамында Аналар мерейі төмендетілмеген. Қазақстан жеріндегі Аналар атымен аталған жер-су, кешендер, күмбездер, қалалар, тайпа-ру атаулары бұған айқын айғақ бола алады. Мысалы, Қозы Көрпеш-Баян сұлу күмбезі (Аягөз өзені бойында), Бикен-мұнара (Сырдария бойында), Белең-Ана, Жұбан-Ана күмбездері (Сарысу өзенінің бойында) сақталған. Жеке ескерткіштерді былай қойғанның өзінде, орта ғасырлық талғам-түсінікпен тұтас бір қаланың әйел атымен аталғаны дүние жүзінде сирек кездесетін құбылыс. Бұл ретте қазақ даласында Қатын қала, Баршынкент т.б. болғанын атап айту керек. Тарихи-дерекнамалық еңбектерде қазақ ішіндегі қасиетті Аналардың ел басқару ісіне араласып, кейде олардың есімімен тұтас ру-тайпалардың аталу фактілері көп кездеседі. Мысалы Енең (шын аты Бөкей), Домалақ-енең (Албан-Суан, Дулат руларын кейде осылай атайды), Қызай (Найман), Дәулетбике, Алтын, Мәукеш, Айбике, Нұрбике, Ұлдай, Жезбике, Нәнжіл т.б. Аналар есімдері ру атына айналған. Тіпті, кейбір қазақ руларының елдігін танытатын ұрандары да Ана есімімен аталған. Мысалы, Арғыннан тарайтын сүйіндік руының ұраны да — Қызай т.б. Халық болмысының айнасы іспеттес фольклорымыздан (ертек, аңыз, әңгіме, жыр, шешендік сөз, қисса-эпостарымыздан) қиялға жайып мыстан кемпірден басқа жағымсыз әйел бейнесін кездестіру қиын. Оның орнына Құртқа, Гүлбаршын, Қаракөз, Қарлыға, Назым, Ақжүніс, Қыз Жібек, Баян сұлу, Айман, Шолпан, Қарашаштың бірі ақылымен, бірі көркімен, енді бірі өжеттік-ерлігімен елге қорған, ұрпаққа Ана болғанын көреміз. Қазақ қоғамында ұрпақ тәрбиесі, дәстүр жалғастығы, әдет-ғұрыптардың қалтқысыз орындалуын қадағалап отыруда Ананың қызметі айрықша. Аналар әуелі үй-ішімен, отбасы береке-бірлігінің ұйытқысы болып, одан асса, ауыл-ел ынтымағының жарасуына ықпал жасаған. Адуын би, азулы хандардың өзі ел Аналарының айтқан ақылына құлақ асып отырған. Аналар бейнесі қазақ жазушы-

ларының тарихи-көркем шығармаларында да жан-жақты сомдалған. М.Әуезовтің “Абай жолындағы” Зере, Ұлжан, Ғ.Мүсіреповтің Ұлпаны т.б. көркем бейнелерде бүкіл қазақ әйелдерінің бітім-болмысы жинақталып, шеберлікпен көрсетілген. Халқымыз қара жерді — Жер-Ана деп құрметтеп, туған тілін- Ана тілі деп әспеттеген. Бойдағы барын берген, Ақ сүтін нәрін берген, Бақыттың бәрін берген, Аяулы ана! Үлгі ғой адалдығың, Қуансын анам бүгін, Қымбат қой амандығың, Ана— адамды өмірге әкелетін қасиетті жан. Баласы үшін өзінің қуанышы мен тыныштығын, денсаулығы мен әдемілігін қашанда құрбан етуге дайын абзал жан. Баласы үшін тас емшегін жібітіп, тар жатырын кеңіткен ананың орнын адамзат баласы қашанда жоғары бағалаған. Олай болуы заңды да. Адам баласы дәл осы ананың жатырында пайда болады, болмысы сонда қалыптасады, анасының қаны мен денесінен өзіне қажетті ең құнды дәрумендерді алады, сөйтіп күн санап, тіпті сәт санап үлкейіп, анасының қабырғасын керіп, ақыры жарық дүниенің есігін ашады. Ал, шыбын жанын ортаға салған өз ана босану барысында өлім мен өмірдің арасында арпалысумен болады. Бірақ бұл қиындықтың бәрін жаңа босанған перзентін қолына алысымен-ақ ұмытуға дайын. Ол ол ма?! Бала дүниеге келгеннен кейін де оны үнемі қасында ұстап, ақ сүтінмен азықтандырып, түнгі ұйқысын төрт бөліп, сәбиді тынышталдырып, балам аш болмасын деп, еңбектеніп тыным таппайтын, перзенті ер жетсе, алаңдамай қоймайтын және де осы ана. Ендеше, адамзат үшін асыл қазына, Алланың берген ұлы сыйы — Ана. Ол баланы тәрбиелеуден, ауырса емдеуден, қамқорлық етуден еш шаршамайды да, жалықпайды да. Сол үшін де Құран Кәрімнің аяттары да, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадистері де, ислам ғұламалары да, оның ішінде қазақ халқы да ананың орнын назардан еш тыс қалдырмаған. Қазақ халқымыз «Анаң ауыр сөз айтпа, атыңа ауыр жүк артпа», «Анаңды Меккеге үш арқалап апарсаң да қарызынан құтыла алмайсың», Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды» т.б. сынды тәрбиелік мәнге толы мақал-мәтелдер айтып, ананың ерекше орнын анық көрсете білген. Ана деген осы, оның алдында қашан да қарыздармыз, оның алдында өз борышымызды өтей алмамыз. Енді осы аналардың ерекше орнын атап өту үшін оларға бір күн арнау керек пе, аналарды аналар күнімен құттықтау әбестік пе, жалпы шариғат бұған қалай қарайды деген сұрақтар келіп жатады. Шынтуайтында, мұсылман ғалымдары аналар күнінің діни мейрам еместігін айтады. Алайда, халық арасында аналар күні деп танылған мерекенің ислам шариғатымен қайшылығы жоқ. Себебі бұл күнде адамдар аналарымен байланыс құрып, оларға түрлі сыйлықтар жасап, бастарын қосып, көңілдеріне қуаныш сыйлап жатады. Ал, бұл сынды әрекеттер керісінше ана мен баланың арасын жақындата түсіп, ананың балаға деген мейірім-ықпалын оятады сөзсіз. Ендеше, бұл күннің ешқандай діни астары болмаса да аналарымызға ақ тілегімізді арнап, перзенттік көңілмен риясыз сыйлық жасап жатқанымыздың еш бұрысы жоқ. Өйткені ол адамдардың адамгершілігін оятады.

**Аружан БАҚЫТҚАЛИ,**  
**Абылайхан атындағы әлем**  
**тілдері университетінің 2 курс**  
**студенті.**

Біз бүгінгі күннің жастары ертеңнен зор үміт пен жарқын болашақ күтеміз. Сондықтанда алдымен ата-ана үмітін, ұстаздар үмітін, арқа сүйер ауыл үмітін ақтау үшін білім алудамыз. Біз күн сайын ақпарат беттерінен сыбайлас жемқорлық деген сөзді естіп, оның алды көмескі, тұман, болашағы жоқ сұрқай тірлік екенін біліп келеміз. Бізге ақылын, кеңесін айтатын, ақылы мен азаматтығы толысқан үлкендердің осы жаман нәрсеге құмар екенін түсінбей келеміз. Кеше ғана Мемлекет басшысы Қасым

олар өзінің қылмыстық әрекетін жүзеге асыра алмайды, бұған адамдарды моральдық тұрғыдан тәрбиелеу арқылы қол жеткізуге болатындығы айтылды. Бұл жерде айтпағымыз сыбайлас жемқорлықты көріп тұрып ауыз ашпау адамдардың құқықтық саясаттын сенбеушілігін туғызады және жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына көмектеспейді. Сыбайластық жемқорлыққа қарсы мәдениеттік тәрбие беруде отбасының тәрбиесі оның ролі аса маңызды өйткені қоғамдық дамудың индикаторы.

## Жарқын күнге таза үмітпен барамыз

—Жомарт Тоқаевтың Конституциялық реформа-өткізуі бұл Жаңа Қазақстанның жарқын болашағына жасалып жатқан бетбұрыс, қоғамды демократияландыру деп айтуға болады. Жаһандандыру процесі қоғамдық қатынастардың жаңа форматын қалыптастырып отыр. Сол себептен де, Президент еліміздің саяси жаңғыруын, билік тармақтары арасында өзара қарым қатынастарын онтайландыруды көздейтін жаңа жаңа реформа бағдарламасын ұсынып отыр. Онда жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру көзделген. Мұнда қоғам мүшелерінің мәдениеті, моральдық-адамгершілік этикалары, олардың құқықтық сауаттылығы, мінез құлықын қалыптастыра отырып мүдделі қақтығысының барлық көріністеріне тезбеушілік екені айтылды. Ол үшін әлбетте жемқорлықты енсеру бойынша құзыреттерді дамыту, адамгершілікті басты бағыт ете отырып жемқорлыққа тезбеушілік оны болдырмау шараларын қабылдау екені мәлім. Сонымен қатар елдегі азық-түліктің қымбатшылығы, суицидия бөлуде әділетсіздікке жол беретін ойласақ елде жемқорлық орын алғандай сезінеміз. Сыбайлас жемқорлық дендеген адамдардың адуындағы арысздығы, олардың қылмыстық қызметінің нәтижелері адамгершілік құндылықтарының құнын жояды және қоғамның ұстанымдарын әлсіретеді. Өйткені лауазымдық дәрежедегі тұлғалардың қоғам алдындағы құндылығын түсіруі мүмкін. Сыбайлас жемқорлықты елдегі адамдар әділетсіздік деп негізгі түрде қабылдайды. Егер адамгершілік ережелердің кешені жұмыс істемесе, қоғам азғындаған, ал мемлекет- әлсіз болады, яғни, оның болашағы жоқ. Сыбайластықтың қауіптілігін елемей әртүрлі тәртіптің шығындарына әкеледі. Экономикалық шығынға, халықаралық аренадағы беделін жоғалтудан бөлек кез келген мемлекеттік қылмыстық идеологияны тарату проблемасына ұштастырады. Ең-қауіптісі, белгілі бір топтың бай тап өкілдерінің санасында тоғышарлық элементтерінің тамыр жаюымен шамадан артық тұтынуға ұмтылуын бағаламау болып табылады. Сыбайлас жемқорлық жас ұрпақтың болашағына түсіретін қауіпін алаңдайтыны, жемқорлық санаға, тұрмыс пен қызметтік жұмысқа терең тамыр жайған зұлымдық екенің, билік басындағы адамдардың жүзеге асыратын қылмыстық әрекеті деп білетіндерін, олардан жастар тәлім тәрбие алатын ештеңе жоқ екенін көтерді. Сондықтан да мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың билік тармақтарын реформалау жөнінде Конституциялық өзгерістері жөніндегі ұсыныстарын толық қолдайтындықтарын білдірді. Ол үшін ашық қоғамды демократиялық тұрғыдан дамыту керектігі, адамгершілік тамыр жайған қоғамда заңдар сақталады жемқорлар өзін қолайсыз сезінеді,

Отбасылық құндылықтарды, дәстүрді, мәдениетті, өмір салты мен дүниетанымдық ұстанымдарды көрсетеді. бүгінгі күні жасыратыны жоқ тәрбие аясында адалдық, ар-ұят, сатылмаушылық сөзіне беріктік сияқты құндылықтар күші әлсіз қолданылады. Себебі көбі адал, парасатты болу пайдалы емес, кейде бұл қасиеттер жеке өмір сүруіне кедіргі келтіреді деп санайды. Елден бөтен болғысы келмейді, осыдан барып сана мен мінез қалыптасады, сенімге селкеу түседі, яғни халық дәстүрлері мен салтында тарихи және мәдени тамыры бар деген ой орнығады. Алайда мұндай тұжырымдармен келісуге болмайды, ешбір ұлттық мәдениет, салт-дәстүрлер адамды сыбайлас жемқорлыққа итермелемейді. Пара беру мен алу әрқашан моральдық этикалық нормалар мен халықтың түсінігіне қарама қайшы келетін әлеуметтік зұлымдық ретінде қабылданған. Сондықтан да ар-намыс пен адами абыройын сақтау-халықтың шынайы өмір сүруі мәні екенің ұмытпаған дұрыс. Абай адал еңбек идеясын, адамға табиғаттың берген сыйы деп бағалаған. Ал білім мен мәдениет, қоғамның әлеуметтік құндылықтары. Мұның бәрі бақыттың болашағы. Жас ұрпақтың болашағына сергек қарау, ұлттық тәрбие беру маңызды. Бұл үрдіс елдің ынтымағы мен бірлігімізді сақтау бәрінен де қымбат. Жалпыұлттық бірлік, тұрақтылық — біздің табан тірейтін тұғырымыз, ал бірлік баға жетпес байлығымыз, ынтымақтаса жаңғыру-келешекке жетелейтін жарқын жолымыз. Осы үш ұғым мемлекеттің тұтастығына тірек бола алады. Қазақта «Қазаннан қақпақ алынаса, қазымырдан ұят кетеді» дейтін бабалардан қалған нақыл сөз бар. Шындығында татулығы жарасқан жарасқан елге ешқандай қауіп көтер тәнбейді. Әрине, төртеу түгел болса төбедегі келері хақ. Сан ұлттың мекені болған мемлекетіміздің алар асуы алда деп үміттенеміз. «Байлық-байлық емес, бірлік байлық» дегендей, расында Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуында «бірлік» категориясы ең құндылық болып табылады. Бірлігі бекем елдің болашағы нұрлы, келешегі кемел. Біз елдің ертеңі, елді ұлы мұратына жеткізетін жаңа ұрпақ өкіліміз. Сол себепті де иман мен арды жүрегімізге жақын ұстаймыз. Бұл мақсатымыз менімен замандастарым түгел қолдайды деп сенім артамын. Отбасылық тәрбиеде құлағымызға көптеп құйылатын «біреудің ала жібін аттама», «кісінің алдын кеспе», «жаман жолдан аулақ бол» деген ата-ана ақылын бойтұмарымыздай сақтап, естен шығармау бізді жарқын келешекке жеткізетінін білеміз.

**Дарига МАШАЙ,**  
**Абылайхан атындағы әлем**  
**тілдері университетінің 2 курс**  
**студенті.**



Созақ ауданы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы негізінде «Зайырлы қоғам және руханият» тақырыбында Созақ ауданы бойынша мекемелерде 80 кездесу өткізілді. Оның ішінде мектеп оқушылары мен ұстаздар қауымы, балабақша қызметкерлері, аурухана қызметкерлері, ауылдық округ тұрғындары мен өндіріс орындарындағы жұмысшылары қамтылды. Басты мақсат еліміздің «Зайырлылық» ұстанымын түсіндіру және теріс діни бағытты ұстанушы топтардан сақтандыру болатын. Бұл жолда басшылыққа халқымыздың маңдайына бақ болып біткен ақын жырауларымыз бен діни қайраткерлерімізді алдыға қойдық. Яғни Абай және Шәкәрім, Мүшһүр Жүсіп, Шал ақын. Олай ету себебіміз қазақ болып тууды Құдайдан тіліп алғанымыз жоқ. Тәңірдің маңдайымызға жазғаны осы. Сол себепті діни танымды да өткен ата-бабамыздан үйренейік, дін, Құдай тәңіріңде Абай мен Шәкәрім не депті? Осыны түсіндірейік де-



# Зайырлы қоғам және руханият

ген мақсат еді. Ең әуелі еліміздің дінге қатысты «Зайырлылық» ұстанымын түсіндіре кетсек.

Осыдан 30 жыл алдын Қазақстан Республикасы дінге мейлінше шектеу жолын ұстанған ел құрамында еді. 1991 жылы ел егемендігіне жетіп Республиканың жеке Конституциялық заңы қалыптасты және Конституцияның бірінші бабы: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілді. Осы тұрғыда «зайырлылық» деген сөзге түсіндірме беріп өтсек.

Бүгінгі таңда зайырлылық туралы анықтамалар өте көп. Солардың бірнешеуін тізбектер болсақ: «барлық діндерге бейтарап қарайды», «діни басшылықтан тәуелсіз», «теологиялық қағидалар мен нормалардан азат» деген мағыналарды білдіреді. Дегенмен қоғам арасында «зайырлылық» ұғымын атейизммен теңестіретін адамдарда табылып жатады. Зайырлылық – «атеизм» немесе «дінді жоққа шығару емес», керісінше – адамның ар-ождан бостандығын діни сенім еркіндігіне кепілдік беруді білдіреді. Бұл анықтама қар-ождан бостандығы, «төзімділік» және «толеранттылық» сияқты құқықтық, моральдық түсініктермен тығыз байланысты. Мемлекеттің дінге деген қатынасының демократиялық сипатта екендігін танытады. Қоғамның кез-келген мүшесіне, оның діні, тегі, нәсіліне қарамастан, әр адамның қандай да бір дінге сену, сенбеу мәселесіне араласпайтын ұстаным. Яғни – адамның ар-ожданының, моральдық болмысының еркіндігіне мүмкіндік беретін, мемлекет азаматтарының арасындағы қарым-қатынасты тек құқықтық негізде шешуді қамтамасыз ететін бүгінгі мемлекеттік басқару жүйесінің ең басты тетігі. Осы жүйені негізге алған елімізде дәл қазіргі уақытта 18 конфессия өкілдері бір аспанның астында ымырагершілікте өмір сүреді. Дегенмен тарихи және мәдени ерекшелігімізді ортаға қоя келе 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заң қабылданып, преамбуласында «сунниттік Ханафи мазхабы мен христиандық православтардың тарихи рөлін танытынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтін, конфессияаралық келісімнің, діни тараттылықты және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытынын негізге алды».

Дін деген терминнің анықтамасы өте көп. Бірақ дін деген бір сөзбен айтқанда Құдайға деген сенім Мектеп оқушылары, ауыл тұрғындарымен өткізілген жиналыстарды біз мына нәрсені байқадық. Дін деген ұғым мен мұсылман деген кім? деп сауал қойдық. Сондағы естіген жауабымыз: намаз оқу, ораза ұстау, жма күні мешітке барып намаз оқу, қажылыққа барып келу. Қазіргі көп мұсылмандар дін тәңіріңде осындай ойда. Осыларды жасап шықса болды Құдай жмағын дайындап қойғандай болып тұрады. Тіпті адамның ғибадат жасаудағы мақсаты жмаққа бару дейтіндер бар. Бірақ бұл дегенің Жаратушымен ашықтан-ашық саудаласу ғой. Дұрыс жоғарыда айтылғандарды Жаратқан мұсылмандарға жасауды бұйырды. Бірақ мұның барлығы діннің сыртқы көріністері.

Ал діннің ішкі көрінісі адамның моральдық, рухани бай болуын айтамыз. Қазіргі күнде адамдардың бойынан тек сыртқы көріністері ғана көрініп ішкі мазмұн қалып бара жатыр. Намаз оқиды бірақ, адамдарды алдауда алдына жан салмайды, ораза ұстайды бірақ ұрлық жасайды, қажы болады бірақ аярлықпен, құлықпен халықтың ақшасын тартып алуда. Бұл дегеніміз қасиетті ислам дінінің атына кір келтіру. Сонда қайтпек керек? Әрбір адамның бойында – мейірімділік, арлылық, адалдық, әділдік, уәдеге беріктік, мәрттік, жомарттық, ұят,

отансүйгіштік, жауапкершілік, адамдарға деген бауырмалдық, ата-анаға деген құрмет, үлкен мен кішіні бірдей сыйлау секілді адамгершілік қасиеттер бойымыздан табылса онда біздің иманды болғанымыз деп дін сөзін түйіндеуге болады. Өйткені мұның барлығы діннің талабы. Сол үшінде Абай Хәкім айтады:

Алла деген сөз жетіл,  
Аллаға ауыз қол емес.  
Ынтыла жүрек шын, көңіл  
Өзгесі хаққа жол емес

Қарасаңыздар Алла, Құдай деп жүргендер қаншама. Бірақ сол адамдар Алла деген қасиетті есімді тілмен айтып жұрма, жүрепкен айтып жұрма? Ал бізде қалай? Менің ойымша ҚҰДАЙДЫҢ есімін жүрепкен айтып ар-ұятына бекем болған адам ол қылмыс жасамайды, ол мемлекеттің ақшасын ұрламайды, ол ОТАНЫН саппайды, ол көшеде ешкімге қысым көрсетпейді, ол өз ОТАНЫНА қарай тас атпайды. Ал мұсылманның мақсаты тек өз қамы емес өзгенің, өз отаныңның қала берді адамзаттың қамын жел, дініне, тіліне, жасы мен жынысына қарамастан көмек қолын беріп және сол көмегің үшін ешкімнен марапат пен қолпаштау күтпеу. Дана Абай 38 қара сөзінде: Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдан болса өзіңе ғана пайда, ол Құдайдың жолы емес, ғаламнан жиылысын, маған құйылысын, ортырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген нысап? Не түрлі болса да еркіндігің, а қылыңнан, я малыңнан секілді адамдарға шапағат, көмек секілді жақсылық тигізбек болсаң сол – ҚҰДАНЫҢ ЖОЛЫ деген екен. Қазақтың алтын асықтай ұлы марқұм этнограф Ақселеу Сейдімбек былай дейді: Қазақ бұрын мемлекеттік іргелі істерді хатқа түсіріп, нотариуспен куәландырмай бір ғана уәдемен шешіп кете берген. Себебі УӘДЕ – ҚҰДАЙ СӨЗІ деп түсінген. Ал менің ойымша нағыз мұсылманның жолы осылай болу керек секілді.

Мұсылман адамға қажылыққа өмірінде бір рет қана бару парыз. Онда да жағдайы жеткен мұсылманға ғана. Бірақ мектеп оқушыларынан байқағанымыз қажылыққа баруды білім алудан жоғары қоятындары байқалды. Кезінде ел арасында Шал ақын атанған Құлеке Тілеукеұлы былай деген екен:

Мекке менен Мәдина жолдың ұшы,  
Иман таба алар ма барған кісі?  
Ата-ананы мейманды құрметтесең,  
Меккеден де нұрлығой үйдің іші. Демек мұсылман адамға бірінші орында ата-анаға деген шексіз құрмет жасау екен.

Білім алу – құндылығы өшпейтін, құны алтында бергісіз өміршең қағида. Адамзат тарихына зер сала қарар болсақ, қашанда білімділердің аты осы күнге дейін өшпей өзіндік орнын тауып келеді. Осы күнгі озық технологиялардың қарыштап дамуына тек білімнен ғана қол жеткізіп отырғаны мәлім. Адамзат баласы білімді болудың арқасында аспан есіктерін тауып, адам аяғы тимеген айға табан тіреуде. Ақыл – тозбайтын тон, білім сарқылмайтын – қазына деген нақыл сөз осының айғағы іспетті. М.Әуезовтың тілімен айтқанда «Елмен елді, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім».

Қазіргі таңда есітіп жатамыз «ғылыми яғни дүниені білімді алудың керекі қанша? Бәрібірде ақыретте құлшылық, ғибадатымыздан сұраламыз» дегендей сөздерді. Ия рас, ақырет әлемінде әуелі құлшылығыңнан, сұралатындығың ақиқат. Бірақ, осылай екен деп дінді ғана оқып, құлшылықпен ғана айналысып ғылымды ысырып қояға есте болмаса керекті. Себебі Құран Кәрімде және хадис шәрифтерге ден қояр болсақ жоғарыда айтып өткендей дүниелік білімнің не керекі бар? деген жандардың сөзі жаңсақ пікірде жүргендігіне көз жеткіземіз. Құран кәрімнің алғашқы аятты «Алақ» сүресінде «Оқы!» «Сені жаратқан Раббыңның атымен Оқы!» деп білім алуға

шақырумен басталады. Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с) хадис шәрифінде «Білім алу, тал бесіктен, жер бесікке дейін» деп, оқуға, ғылым үйренуге жол нұсқайды. Осы жолды ұстанған алдыңғы дәуірлерде өмір сүрген мұсылмандар ислам дінін бүкіл әлемге білімнің, ғылымның діні ретінде танытты. Олай дейтініміз ислам келмей тұрып Еуропа қандай болды, ислам келгеннен кейінгі Еуропа қандай болды. Ғылымның өркен жаюымен Ренессанс дәуірі деген атақта алды. Тіпті ислам діні келмей тұрып жаһилият дәуірі деген жаман атты алған Араб түбегінде адамның құқықтары сақтала бастады. Әсіресе қоғамдағы әйел адамның құқығын алып берді. Яғни алғашқы заң жобасы қалыптаса бастады.

«Зумәр» сүресінің 9-аятындағы «Білетіндер мен білмейтіндер теңбе?» деп келетін аят жолдарының өзі білім алу шақырып тұр. Ал қоғамда жаппай сауатсыздық жайласа оның арты түрлі қылмысқа, бейберекетсіздікке алып келетіні ақиқат. Себебі оқымаған, білім алмаған адам қылмысқа, кім не айта соған иланғыш, сенгіш келеді. Құран Кәрім аяттарында ақылға салмайсыңдарма, ойланбайсыңдарма, деп бірнеше жерде ақылға салу туралы аяттар келеді.

Қазіргі ғылымның әртүрлі саласында қолданылып жүрген көптеген технологиялар Құран Кәрімде ишара түрінде айтылған. Мәселен докитоскопия, аспанның жеті қабаттан тұратынын, болашақта адам баласының ғарышты бағындыратындығы жайында ишаралар білдірілген. Ең бастысы Құран «Оқы» деп басталды. Қазіргі таңда да оқу, білім, ғылым сөздері өзінің құндылығын жоймай келеді. Ғылымның әртүрлі салаларында адам игілігі үшін күн сайын жаңалықтар ашылууда. Алла Тағала Құран Кәрімнің аяттарында «ойланбайсыңдарма, ақыл иелері үшін жаратылыстарда ғабраттар бар» - деп адамзатты білім-ғылымға шақыруда. Ат үстінде жүріп, ұлан байтақ даланы қорғап, осы күнге мирас еткен бабаларымызда білімді бірінші орынға қоя білген. Кезінде Жиренше шешен Әз-Жәнібектің не өлмейді? деген сұрағына:

Ғалымның аты өлмейді,  
Жазған хаты өлмейді деген екен.  
Хәкім Абай өзінің жиырма бесінші қара сөзінде «..... Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма!...» деп жалпы қазақты оқуға, білім алуға үндейді. Қазақтың ағартушы ұстазы Ы.Алтынсарин атамызда өзінің өлең жолдарын:

Бір Аллаға сыйынып,  
Кел балалар оқылық деп – қазақ балаларына хрестоматия жазып, тек білім беруге, әріп танытуға ұмтылған. Яғни, тек мұхтасар ғылымхал немесе фикһ, хадис ілімін оқытпаған. Замана көшінен қалмай, алға ілгерілеу үшін – әуелі, білмек, танымақ керек. Білім қашанда болмасын ізгілік пен парасаттылықтың символы ретінде қала берері сөзсіз. Сондықтан да білімді болуға ұмылайық. Еліміздің тәуелсіздігін қорғау үшін де бізге ең әуелі білім керек.

XXI ғасырдың 60-70 жылдарында алпауыт мемлекеттер арасында басталған текетіретер кейбір діни саяси топтардың пайда болуына әкеліп соқтырды. Ал Америкада протестант ағымынан түрлі діни топтар бөлініп шығып «біздің жолымыз ғана дұрыс» деген сенімді ұстанып адамдардың жүрегіне жол табу мақсатында түрлі әдіс-айлаларды пайдаланды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында біздің жас мемлекетімізге де көз алартып қараушылар аз болмады. Соның бірі діни-саяси экстремистік топтар.

Экстремизм – латын тілінен енген термин, «соңғы, шеткі» деген мағынаны білдіреді. Ал саяси мағынасы экстремизм бойынша – бұл шектен шыққан көзқараспен және іс-әрекетімен ерекшеленетін

күрделі әлеуметтік феномен. Сонымен қатар, бұл тікелей немесе жанама түрде зайырлы қоғамдағы демократияны жоққа шығаратын саяси қызмет түрі. Сондай-ақ шынайы діннің негізгі қағидаларынан, қазіргі қолданыстағы ұлттық заңнамалардың және халықаралық құқықтың қағидаттарынан тыс шектен шығу дегенді білдіреді. Экстремизм: саяси экстремизм, діни экстремизм және ұлттық экстремизм болып бірнеше топқа бөлінеді. Ал «діни экстремизм–басқа діндерді ұстанушы адамдарға төзімсіздік танытып, соған сәйкес қоғамға қарсы, көбінесе құқыққа қайшы, соның ішінде азаматтарға қарсы күш қолдану әрекеттеріне шақыру».

Діни экстремизм ұғымына Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 2 ақпанында қабылданған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңында мынадай сипат берген:

Экстремизм–жеке және заңды тұлғаның,

жеке және заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастырылуы және жасауы;

Жеке және заңды тұлғаның, жеке және заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды: діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез-келген діни практиканы қолдануды көздейтін іс-әрекет ұйымдастыруы және жасауы.

Зерттеуші ғалымдардың көзқарасы бойынша діни экстремизмнің шығуының басты үш негізін атап көрсетеді. Біріншісі – діни сауатсыздық. Дінге толыққанды діни таным-түсінікпен келмеу, діннің негізгі қағидаларын дұрыс түсінбеу діни сауатсыздықтың басты көрінісі. Екіншісі – теріс пайғалды ағымдардың өкілдерінің сөзіне еру арқылы қалыптасқан жаңсақ сенім. Ал, үшіншісі–әлеуметтік мәселелер. Көп жағдайда жұмыссыз жастардың болашаққа сенімсіз жағдайын пайдаланып экстремистік идеология жетекшілері олардың санасына шетін көзқарасты сіңіреді.

Ғаламтор кеңістігіндегі мұсылмандардың қысымға ұшырауы жайлы материалдар, әсіресе АҚШ, Еуропа, Израильдегі, Ресейдің Кавказ аймағындағы мұсылмандар туралы ақпараттарды, қанға бөккен адамдардың суреттерін, бейнемаатериалдарды ашық көрсету арқылы күллі әлемді мұсылмандарға жау ретінде көрсетуге ұмтылу діни экстремистік бағыттың негізгі жұмысы деуге болады. Мұндай іс-әрекеттер біздің елімізде де болып жатқан жатқандығы жасырын емес. Шетелдегі түрлі діни экстремистік-террористік қарулы топтардың қатарына қосылып жатқан азаматтарымыз болды. Мұндай топтармен күрес жүргізу еліміздің басты бағыттарының бірі. Сол себепті түрлі діни радикализм, экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу арқылы жеке азаматтар мен қоғамның және мемлекеттік биліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» шеңберінде экстремизммен күресудің түрлі іс-шаралары жасалынууда.

Қорыта айтқанда оқырмандарға айтарымыз қоғамның дамуы біртұтастық пен ынтымақ, бірлікте. Сондықтан да халқымызда бақ қайда болса, ынтымақ бірлік сонда деуі бекер еместі. Мақаланың соңына Шәкәрім қажының өлең жолдарын жаза кетуді жөн көрдік.

Хақ мұсылман кім болар,  
Айтқан сөзі шын болар.  
Рахым, ұят, ар, ынсап,  
Төртеуі болса дін болар, деп мұсылманның сипатын түсіндірді. Ел аузында «Хақтың разылығы халықтың ішінде» деген даналық сөз бар. Қандай да бір адамның дініне, тіліне, түр сипатына қарамастан қол ұшын созып, көмек беруде діннің негізгі талабы десек болады. Ал Шәкәрім қажы:

Адамдық борышың,  
Халқыңа еңбек қыл.  
Ақ жолдан айнымай,  
Ар сақта оны біл,.....  
Қайтадан қайырылып, қауымға келмейсің.

Барынды, нәріңді тірлікте бергейсің,  
Фибрат алар артыңа із қалдырсаң.  
Шын бақыт осыны ық,  
Мәңгілік өлмейсің, деген екен.

**Қ.ҚОСМАХАНОВ,**  
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.



# Қоғам дертінен бірге күресейік!

Жемқорлықпен күресу - Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының маңызды стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге өсіп-өркендеп, бүгінге дейін жойылмай отырған дерттің бірі. Жолдауда ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыхалтық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігі айтылып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне қатысты екендігін, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері талқыланды «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлықты түсіндіруге жол бермейді», әкімшілік іс жүргізу кодексінің талаптары, экстремизм мен діни терроризмнің алдын алу. Кездесу соңында дөңгелек үстелдің қатысушылары бірауыздан қорытындыға келді, бұл күрестің жемқорлыққа жол бермейтіні шексіз болуы керек. Тек бірлескен күш-жігер арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады.

**Бекзат МҰҚАНОВ,**  
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы,  
азаматтық қорғау майоры.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corruptio» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу,

және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қалмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану,

мау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - бүкіл халықтық міндет

зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би

билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орында-

тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

**Марат СУГУРШАЕВ,**  
ҚР АШМ АӨК МИК  
Созақ аудандық аумақтық инспекциясының бас маман өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

## ПЕШІҢІЗ ҚЫСҚА ДАЙЫН БА?

Қазіргі таңда тұрғындар пештерді жылытудың әртүрлі тәсілдерін қолдануда, атап айтар болсақ газ, көмір-отын, дизель отыны және т.б. материалдарды пайдалануда. Пешіңіздің жылыту маусымынан алдын және жылыту маусымы кезінде екі айда кемінде бір рет міндетті түрде тазалап тұру керек. Себебі әртүрлі жанбай қалған заттар мен қалдықтардан мұржадағы түтін шығу жолдарына толып, түтін шықпай қалып, көмірқышқыл газынан уланып қалып жатады.

Пешті жағудан алдын және жағу кезінде төмендегідей өрт қауіпсіздігі ережелерімен талаптарын сақтаңыздар, атап айтқанда:

- пеш жағудан алдын міндетті түрде маманға мұржаңызды тазартыңыз;
- мұржаңыздың айналасына диаметрі кемінде 38 см етіп жанбайтын (темір және т.б.) затпен жасаңыз;
- пештің алдына кемінде 35 x 45 см етіп темір орнатыңыз;
- пешті жағу кезінде бензин, керосин және т.б. тез тұтанғыш заттарды қолданбаңыз;
- пештің айналасына жанғыш заттар (қағаз, мата, киім-кешек және т.б.) қоймаңыз;
- пешті жағып, қараусыз жас балаларға қалдырып кетпеңіздер;
- балаларға пеш жақтырмаңыздар;
- ескі көмір мен жаңа көмірді бірге жинамаңыздар;
- көмір-отынды жинау кезінде өрт қауіпсіздігін сақтаңыздар; Азаматтар өрт қауіпсіздік Ереже талаптарын сақтаңыздар! Өрт бола қалған жағдайда 101 -сымтізбегіне хабарлаңыздар!

**Мағжан ӨСКЕН,**  
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

### Жарамсыз деп танылсын

Амандосов Қабыл Сабырұлының атына берілген ТО №0000276 саңды тракторшы жүргізу куәлігі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

### Жұмақ болсын соңғы тұрақ мекенің...



Таукент кентінің тұрғыны, асыл жан, аяулы қызымыз **Абжанова Алия Қорғасынқызының** бұл дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Жаны жайсаң қызымыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз. **Жыл толды періште жүрек тоқтағалы, Жыл толды қызымызды жоқтағалы. Алайда қызымыздың нұр бейнесі, Көңілдерде мәңгілік сақталады. Еске аламыз сағынамыз өзіңді,**

**Бір жыл болды көздің жасы төгілді.**

**Ақкөңіл жан едің ғой өмірде,**

**Неге өмір қысқа болып берілді,** - деп, аяулы қызымыз Алия Қорғасынқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас – 23 қазан күні (22 қазан – қонақ асы сағат 18:00-де) Таукент кенті, Ерімбетов көшесіндегі №39 үйде беріледі. (көттедж).**

**Асқа шақырушылар: әжесі, ата-анасы, бауырлары.**

Ішек құрт ауруы — паразитарлық ауруға жатады. Ең көп таралғаны домалақ құрттар, олардың ішінде көбінесе аскаридалар. Бір қарағанда ұсақ паразиттер қауіпсіз көрінгенімен, ағзаны улайтыны есте болсын. Әсіресе олар сәби ағзасына тез еніп, өз туған мекеніндей орналасып алады. Бұл адам денсаулығына, әсіресе бала ағзасына кері әсерін тигізеді. Алайда олардан тез арада құтылу амалдарын жасауға болады. Назарларыңызға

ырғанынан, қышитынынан мазасызданады. Мұндай келеңсіздіктер өзі пайда болып, бірден өзі басылады.

- Көзінің асты қарайып, әлсіздік пайда болады. Ішек құрттар баланың орталық жүйке жүйесіне кері әсер тигізетіндіктен, үнемі мазасызданып, түнгі ұйқысы тынышсызданады.
- Балаға суық тимесе де, түнімен жөтеліп шығады.

Ауруды анықтау және емдеу

## Балалардағы ішек құрт ауруы дегеніміз не?

балалардағы ішек құрт ауруының белгілері, емделу жолдары жөнінде ақпарат ұсынамыз.

Ішек құртын жұқтыру өте оңай. Олардың жұмыртқасы барлық жерде болады. Тіпті таза үй ішінің өзінде кез келген заттың беткі бөлігі бала үшін қауіпті. Алайда паразиттерді үй ішінен гөрі серуенде жүргенде, дүкенге барғанда, балабақшадан жиі жұқтырады. Көбінесе балаларда тексеру барысында жыланқұрт немесе үшкір құрт түрлері анықталады. Ішек құрт ауруының басты белгілері:

- Баланың асқа тәбеті болмайды. Алайда бала тәттіқұмар болып, таңертең ауыз қуысынан жағымсыз иіс шығады және жүрегі айнаиды.
- Бала үнемі құйрықтың төмен тартып ау-

Ішек құрттарды көзбен көру мүмкін емес. Оны тек анализ тапсырып қана анықтауға болады. Себебі олардан ағзаны тазарту үшін қандай түрімен күресу керегін білу қажет.

Аурудың алдын алу  
Ішек құрттар пайда болмас үшін, сақтану (профилактика) қажет. Ол үшін тамақтанар алдында қолды міндетті түрде жуып, тамақты таза пісіріп, көкөністер мен жеміс-жидектерді тазалап жуып жеу қажет.

**А.УТЕПОВ,**  
Созақ аудандық СЭББ эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы.

## Коронавирустық инфекциядан сақтану жолдары

Жаңа коронавирустық инфекция (COVID-19) жедел респираторлық вирустық инфекциялар тобына жатады. Инфекцияның қоздырғышы – коронавирустар. Инфекция көзі аурудың клиникалық көріністері бар науқастар және аурудың жасырын түрлері мен симптомсыз вирус тасымалдаушылары болып табылады. Аурудың алғашқы күндері жұғу қауіптілігі өте жоғары. Коронавирус негізінен ауа-тамшылары арқылы (жөтелгенде, түшкіргенде және 2 метрден аз қашықтықта сөйлесу) және қарым қатынас арқылы (қол алысу кезінде және басқа ластанған беттер мен заттар) беріледі. Ауруға шалдыққан науқастарда жиі кездесетін коронавирустың негізгі клиникалық белгілері жоғары температура (90%), жөтел (80%), енгізу (55%), ұйқысыздық (44%), кеуде қуысының бітелуі (20%). Пациенттердің 80%-да ауру жеңіл түрде жүреді, ең ауыр түрлері егде жастағы науқастарда (60 жас және одан жоғары) дамиды. Ауру қант диабеті (20%) арте-

риялық гипертензия (15%) және басқа жүрек-қантатыр аурулары бар науқастарда жиі кездеседі. Қант диабеті, семіздік, 65 жастан асқан қарттар, АИТВ иммуно тапшылығы жағдайының болуы, онкологиялық аурулар, созылмалы жүрек және өкпе аурулары бар адамдар қауіп тобына жатады. Сонымен қатар, қауіп тобына медицина қызметкерлері, сондай-ақ қоғамдық көлік қызметкерлері, сауда және қоғамдық тамақтану нысандарында жұмыс істейтін адамдар кіреді. Себебі, көптеген адамдармен тығыз байланыста болғандықтан, оларда коронавирустық инфекцияның ауыр ағымда өту қауіпі бар.

Алдын алу іс-шаралар негізінен инфекцияның таралуына жол бермеуге бағытталған. Қазіргі таңда елімізде инфекцияның алдын алудың негізгі тиімді шараларының бірі – вакцинациялау жұмыстарының жүргізілуі. Вакцинациялауды қолданудың негізгі мақсаты аурудың ауыр түрлерінің ықтималдығын азайтуға бағыттал-

ған. Адамдар арасында вакцинация жүргізу арқылы індеттің төмендеуі күтілуде. Бұл аурумен сырқаттанып қалмау үшін, үйде жеке гигиена ережелерін сақтау, қолды сабынмен жиі жуу, залалсыздандыру заттарын, бір рет қолданылатын майлықтарды қолдану, үнемі дымқыл тазалау жүргізіп отыру керек. Қоғамдық орындарда жеке гигиена ережелерін және қауіпсіз қашықтықты қатаң сақтау керек. Адамдармен қол алыспаған жөн. Бір реттік медициналық бетперделерді қолданғанда әр 2 сағат сайын және ластанған жағдайда ауыстырып отыру керек. ЖРВИ клиникалық симптомдары байқалса, инфекцияның асқинуы мен таралуының алдын алу мақсатында тез арада медициналық көмекке жүгіну қажет. Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеңіз!

**А.УТЕПОВ,**  
Созақ аудандық СЭББ эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы.





## Нұрасыл-мектеп мақтанышы

Ол мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап өзінің білімге құштар, зерек те, зерделі шәкірт екендігін таныта бастады. Мұғалімдер оның алдағы кезде үздік оқушылар қатарынан көрінетініне сенімді болды. Ұстаздар сенімінен шыға білген Нұрасыл отбасында алған өнегелі тәрбиесін білім қабырғасында таныта білді. Бастауыш сыныптан бастап үздік оқушылар қатарынан көрінді. Өзін тәртіпті, алғыр оқушы ретінде көрсетті.

Сынып жетекшісі, бастауыш сынып мұғалімі Назира Рахышова талапты шәкіртінен мол үміт күтті. Тәжірибелі ұстаздың үмітін Нұрасыл Асылханұлы ақтады. Жүрегіне ізгілік нұры мен білім нәрінен өскен мұғалім оның бойындағы ұшқындар сезе білген екен. Нұрасыл бастауышты үздікке бітірді. Сөйтіп Кентау қаласындағы «Дара жол» дарын мектебіне жолдама алды. Мектеп директоры Серғали Мәлікайдаров Мырзахан Нұрасыл Асылханұлына сәттілік тілеп шығарып салды. Комиссия қойған талаптарды орындап, қабылдау сынақтарын ойдағыдай тапсырған Нұрасыл «Дара жол» дарын мектебіне қабылданды. Үйдегі үшінші баланың дарынға қабылдағаны ата-анасын да қуанышқа бөледі.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

## Қарттарын қадірлеген ел ардақты

Қазан айының бірінші жұлдызы – Қарттар күні. Қарт десе, әркімнің көз алдына ақ жаулықты әже мен ақсақал қария елестері анық. 9 б сынып оқушыларымен ҰОС-ның ардагері Зейлбеков Әшімхан атамның жұбайы Жібек әжейдің

Сондықтан, адам әр уақытта үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, қолынан келсе көмектесіп, әрқашан қарапайым болу білу керек. Сонда ғана сен елге сыйлы, елім - жерім деп жүретін, биік-биік белестерді бағындырып, үлкен жетістіктер-



үй шаруасына көмектесуге бардық. «Қыстың қамын жаз ойла» демекші, күн суытып, қар жауып кетпей тұрып отын отап алуға қарт ананың денсаулығы жарамады. Қарт ананың жағдайын түсініп, қолдау көрсету мақсатында сынып оқушыларымен, қыс мезгілінде пешке жағатын отынын жарып, үйдің ауласын тазартып, қолғабыс етті. Жібек апамыз оқушыларға өзінің жүріп өткен жолын және қызықты оқиғаларын айтып, оқушыларға: «Кішіпейіл болып, адамдарға көмектесіп жүрсең олардың рахметін аласың, жолың ашылады, бүкіл адамдар сені сыйлап, саған қызыға қарайды. Ал, менменсіп кетсең, өзгелерге жеккөрінішті болып, түбінде қу тізеңді құшақтап жалғыз қаласың.

ге жететін нағыз азамат боласыңдар» деп ақылын айтты.

Жалпы бұл қоғамдық жұмыстың мақсаты, білім алушылардың тәрбиесіне ықпалы зор. Өзгеге қол ұшын созу – адам бойындағы парасаттылық пен патриоттылық сияқты адамдық қасиеттерді сіңіре түседі. Сонымен қатар, осы мақсат оқушылардың ел дамуында бір мүдде, бір мақсат төңірегінде біріктіретінін де айтқан жөн. Шын мәнінде айналамызда ізгілік пен мейірімділікке мұқтаж жандар көп. Сол себепті де оқушыларды ізеттілікке, кішіпейілділікке, мейірімділікке тәрбиелеу басты мақсатымыз.

**Ақнұр ТЕМІРӘЛИЕВА,**  
**Т.Әлімқұлов атындағы**  
**№14 мектеп интернат-лицейінің тәрбиешісі.**

## Қаратау ауылының құрылғанына-60 жыл

# Қаратаудың қайнар көздері

(Соңы. Басы өткен сандарда).

Ұяттан жерге кірерге тесік таппадым дегенде тыңдаушылары: «Оу, Жәке, айдаладағы Надеждадан неге сонша қысыласыз» дегенде, әлгі сабазың: «Пәлі, олай дерің бар ма, мен Надяға кіріп көңіл айтпадым ғой» деген екен тек тұрмай. Осы тектес майдан әзілдерін соғыс және еңбек ардагері марқұм Опабеков Шәймен қария майын тамызып айтатын. Елде 7 ноябрь, 23 февраль, 9 май т.б. мерекелер майдангерсіз өтпейтін. Мектепте ол кісілермен жиі кездесулер өткізілетін. Қайсар мінезді Қошқарбай Иманов, Майдангер Әбдімәлік, Байзақ көке т.б. соғыс ардагерлері жас жеткіншекке соғыстағы ерлік істерін, тылдағы ауыр еңбекті айтып, сол бір кездегі қиын күндердің елесін еске алып, бейбіт өмірдің мәнін ұғынуға үндейтін. Бірде мен сынып жетекшісі ретінде мектептегі осындай жиындардан сырт жүретін майдангер Әбуов Шайыздар көкемді кездесуге шақырдым. Аздап бойын үйретіп алған соң майдангер көкем соғыс тәсілдерін, кеңес әскері мен неміс басқыншыларының әскери техникаларын салыстыра келе оқушылардың алдында өз пайымдауынша ағынан жарылғаны бар емес пе. Сондағы о кісінің әңгімесінен ұққаным: «Біздің жерді жаудан азат еткен жауынгерлер батысқа қарай жылжып, неміс жеріне қарай аяқ басқан. Бағытымыз – Берлин. Жол бойы төңкеріліп жатқан неміс техникасы. Біз жаяуымыз. Немістің мотоциклдері қай жерде болса сол жерден табылады. Айдай алмаймыз. Неміс деревнялары тап тұйнақтай. Даңғыраған асфальт жол. Малдарына дейін тротуармен жүреді. Былай-былай қия баспайды. Токпен сым жүргізіп қойған. Үйлерін айтсай, жұмыртқадай аппақ, шағын жинақты. Үйдегі әрбір жанның жеке бөлмесі бар, тіпті басбасына бір шифонерден деп сайрамасы бар ма. Ондай әңгімені естіп көрмеген оқушы да, мен де аңтаң боп отырмыз. Басқа да артықшылықтарын айтқанда, аузымыздың суы құрыды. Не керек зорға тоқтатқаным көкемді. Ақсақалдың сондағы меңзегені ғылым мен техниканы меңгеру, озық елдерге ұмтылу екені ғой деймін қазір ойлап отырмын. Ол кезде ондай ой айту әрбірімізге де қауіпті еді ғой. Қайран Шәкең жаратылысы бөлек жан еді. Ашылып сөйлемейтін. Сол жолы бір

ағытылғаны. Біздің әкеміз де қан майданды бастан кешкен, тіс жарып ештеңе айтпайтын. Бала кезімізде ауыр еңбектен шаршап келген әкеміздің белін, аяқ қолын бауға таласатынбыз. Соғыс туралы, жаралы аяғы мен қолы туралы, орден медальдері, әскери киімдерін, тағы да әрнені сұрап мазалаймын. «Әй, баламай, несің сұрай бересің. Оқ тесіп кеткен шинел, күйіккүйік бас киім, екеуі екі жаққа қарап қалған аяқ киім» деп кейігені бар. 1990 жылы 7 ноябрьде Сарыжаздағы жаңа үйде елдегі барлық майдангерлер, совхоздың аға бұрын өкілдерін қонаққа шақырды. Арасында аудандық радио, телевизия өкілдері, жазушылар Өтеш Қырғызбаев, Қасымжан Өмірұлы, Сабырбек Олжабаевтар да жолы түсіп сәлем баруға келіп қалыпты. Әкем сол кезде науқастанып та жүрген. Қонақтардың аяғы сиреген кезде жазушы журналистер сұхбат жүргізді. Қастарында отырмын. Сондағы сұрақтарына берген жауабын ұққаным былай: 1942 жылы 18 жасында Сталинград майданына түседі. Бір айдай қалың орманда әскери жаттығу жүрді. Түнде жатқан жерімізде шырақ жағуға болмайды. Неміс самолеттері бомбаның астына алады. Лас, суық жерден адамдар өліп жатыр. Содан орманнан шығып, алдыңғы шепке, ұрыс даласына кірдік. Менің міндетім – санитар дәрігер, қолымда винтовка. Қиян-кескі ұрыс. Өліктен кешіп жаралыларды емдеп, өліктерді шанаға салып жинаймын. Ұрыс толастағанда брезент жабылған жүк машинасы келеді. Кеудесінде жаны бары селбесіп машинаға мінеді. Бірде кезекті ұрыстан соң машина кешікті. Жолдар үзілген. Ат арбалы тамаққа снаряд түсіп, ат өлген, арба төңкерілген. Мен сол арбаның жанында төңкерілген котел үстінде мәңгіріп отырмын. Соның алдында ғана жауырынымнан ащы укол салған. Сірә, жұқпалы аурудан сақтық па наркотический средство белгісіз. Бір кезде котелге оқ тиіп жатыр. Осы кезде әкемізге жаны ашыған журналист бұғыңыз деп жатыр. Бұғуды білмеймін, дейді. Не керек есімді жиып тұрсам, бір қолым қарынан сынған, қанды мұз түсіп жатыр екен. Атаңа нәлет, фашист мергені жақын орманнан көздеп атқан. Көретін жарығым бар

екен, сол күні машина да келді. Өз аяғыммен кузовқа міндім. Өлген жауынгерлер үйілген күйі қалды дейді. Содан әскери госпитальде бір жарым жыл жатып, тәуір болғасын жарымжан қолмен елге оралдым», деп тәмәмдады. «Орден, медальдеріңіздің көбі қайда?» дегенде елге келгесін балалар тағып жүріп жоғалтты деді де қойды. Міне, бір майдангердің сыры. Әңгімені Шайыздар жиеніміздің тарихынан бастап едік. Ол кісі үйде де, түзде де қатал тәртіптің адамы. Майданда көргенін бейбіт еңбекте де қолданды. Ол кісінің малы қоршаусыз жиналған шөпке жоламайды. Жайлаудағы үйінің маңы жайқалған көгал, бір мал аяқ баспайды. Білетіндердің айтуынша өрістен келген қойды жолдың арғы бетіне тастайды, бір ешкі беті аттаса мылтығын алып атып тастайды деп жыр етеді. Жұбандық көке де осындай қалыптан. Баласы Әмзе ағамыз спортшы. Оқудан мерекеге келгенде ауылда дүбірлеген доп мерекесі. Керемет ойыншы, әрі жауырыны жерге тимейтін палуан. Бірде сол ағамыз Шымкенттен келін әкеле жатыр деген хабар жетті. Ақкөңіл, аңқылдақ ағамыздың жолдас жорасы көп. Аудан орталығына жеткесін келінді алға жіберіп, өзі дудумен кешеуілдеп қалады. Ол кезде жол қатынасы қиын, не керек ағамыз ертеңіне беташар өткесін бірақ жетеді ғой ауылға. Әкесі ашудан жарылардай болып, Әбекеңді үй айнала қамшының астына алмай ма. «О, заманда, бұ заман, келіннен кейін келген адам көрмедім» дейді ғой ақсақал ызалана. Сонда Әбекең сасқанынан «Қайдан білейін, көке, бірінші үйленуім ғой» деп ақталған екен. Қазір Гүлзина жеңгеміз екеуі Шымкент шаһарында. Ұлдары да өсіп өнген.

«Кісі туған топырағына тартады» дейді халқымыз. Бұл өлкенің қилы тарихы бар. «Кер құла атты Кендебай», «Аппамыс», «Қамбар батыр» дастандары осы өңірдің жемісі. Бала жастан санамызға сіңді. Нәбір айтулы тұлғалардың мекені.

Иә, үлкендердің де батасы «Жастарға өмір бер» деп бір Алладан жалбарына сұрап еді. Жастарымыз ибалы, білім мен ғылымға құштар болып өссе екен!

**Мырзабай ОМАР,**  
**Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығы, ғылыми әдістемелік бөлім басшысы.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
**БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**Сайлаубекұлы**  
Жауапты хатшы  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3800 дана**

Кезекші редактор:

Н.Шертаев